Email: akmaral\_kalymbetova00@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-4371-873X>.

**Аннотация.** Основная цель современной системы образования - формирование всесторонне развитой личности с высокими творческими

способностями, склонной к инновационному мышлению. В данной статье рассматриваются теоретические и практические основы формирования инновационной компетентности в преподавании биологии. Инновационная компетентность характеризуется способностью эффективно применять знания учащегося в жизненных ситуациях, анализировать новую информацию и творчески ее усваивать. Предмет «Биология» играет важную роль в развитии научного мировоззрения, исследовательских навыков, экологической культуры учащихся. Поэтому необходимо совершенствовать инновационные способности учащихся через применение современных технологий в его обучении, использование цифровых образовательных ресурсов, организацию лабораторной и проектной работы. В статье рассматриваются инновационные методы обучения биологии-проектное обучение, проблемное обучение, дифференцированное обучение, STEM-технологии, цифровые платформы и интерактивные инструменты. Эти подходы повышают познавательную активность учащихся, развивают самостоятельное мышление и исследовательские способности. Также отмечается, что профессиональная компетентность и педагогическое мастерство учителя способствуют успешной реализации инновационного обучения. В результате исследования установлено, что системное применение инновационных методов на уроках биологии повышает интерес учащихся к предмету и позволяет развивать научно-творческий потенциал. Методические рекомендации и практические примеры, представленные в статье, дают направление учителям биологии в совершенствовании учебного процесса, формировании инновационной компетентности учащихся. Результаты статьи рекомендуются для использования в организации профессионального развития будущих учителей биологии, на курсах повышения квалификации и в учебном процессе педагогических вузов. Экспериментальная работа проводилась на базе г. Шымкент, университета дружбы народов им. А. Куатбекова и международного Таразского университета им. Шерхана Муртазы, доказана эффективность применения инновационных технологий в преподавании биологии.

**Ключевые слова:** преподавание биологии, инновационные компетенции, инновационные технологии, проектное обучение, STEM, педагогические инновации

**Кіріспе.** ХХІ ғасыр - ғылым мен техниканың қарқынды дамыған, ақпарат көлемі күн сайын артып отырған инновациялар ғасыры. ХХІ ғасырдағы білім беру жүйесінің басты мақсаты - ақпараттық қоғам талабына сай, шығармашыл және сыни ойлайтын, өздігінен шешім қабылдай алатын тұлға тәрбиелеу. Бұл міндет мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен инновациялық құзыреттілігіне тікелей байланысты. Осыған байланысты әлемдік білім беру кеңістігінде құзыреттілікке негізделген оқыту басым бағыттардың біріне айналды. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты да осы талаптарға сәйкес жаңартылып, оқытудың мазмұны мен әдістемесі түбегейлі өзгеруде.

Жалпы орта білім беру жүйесінде пәндік біліммен қатар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, инновациялық ойлау қабілетін дамыту басты назарға алынуда. Бұл тұрғыда биология пәнінің рөлі ерекше, себебі ол табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыда түсіндіретін, өмірмен тығыз байланысты пән болып табылады.

Биологияны оқыту барысында білім алушылар тірі ағзалардың құрылымы мен қызметін ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәселелерді, адам денсаулығын сақтау жолдарын, биотехнология жетістіктерін меңгереді. Мұндай білім инновациялық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Сондықтан биология сабақтарында инновациялық оқыту әдістерін тиімді пайдалану - қазіргі заман талабы. Бүгінгі таңда биология пәнін оқытуда дәстүрлі әдістердің тиімділігі шектеулі болып отыр, себебі білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру және цифрлық ортада еркін жұмыс істеу қабілеттерін дамыту қажет (Abdigalieva, 2019).

**Әдеби шолу.** Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби дамуын жетілдіру және инновациялық құзыреттілігін арттыру басты басымдықтардың бірі ретінде көрсетілген. Осыған сәйкес биология мұғалімі заманауи білім беру технологияларын меңгеріп қана қоймай, оларды сабақ үдерісінде тиімді пайдалана білуі тиіс (Qazaqstan Respublikasyny Bilim zhane gylym ministrliqi, 2020).

Қазақ және орыс ғалымдарының еңбектерін талдау нәтижесінде, биологияны оқытуда инновациялық құзыреттілікті қалыптастыру оқытудың жаңа технологияларын, зерттеу әдістерін және интерактивті тәсілдерді тиімді қолданумен тығыз байланысты екені анықталды. Ж.А. Қараев, С.Т. Таубаева, И.Я. Лернер, В.А. Слостенін еңбектерінде инновациялық оқыту білім алушының шығармашылық қабілетін дамытып, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырудың негізгі шарты ретінде қарастырылады.

Инновациялық құзыреттілік ұғымы педагогика ғылымында әртүрлі қырынан қарастырылады. Көптеген зерттеушілер (М.Жадрина, Ә.Құсайынов, V.Oguz, T.Fullan және т.б.) бұл ұғымды мұғалімнің жаңа педагогикалық технологияларды игеріп, оларды кәсіби әрекетінде шығармашылықпен қолдану қабілеті деп түсіндіреді (Zholdasbekova, 2022; Tondeur, 2018).

Қазақстандағы инновациялық педагогиканың негізін салушылардың бірі Ж.А. Қараевтың пікірінше, инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім алушы өз бетімен білім алуға, талдауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренеді. Бұл биология пәнінде тәжірибе, зертханалық жұмыс, модельдеу арқылы өте тиімді жүзеге асады. Биологияны оқытуда деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, инновациялық құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді (Қараев, 2002).

С.Т. Таубаева: Ғалым инновациялық құзыреттілікті жаңа әдістерді меңгеру

ғана емес, оны тәжірибеде тиімді қолдана алу қабілеті деп қарастырады. Биология мұғалімі инновациялық құзыретті болған жағдайда жобалық жұмыс, зерттеу әдісі, цифрлық ресурстарды тиімді қолдана алады (Таубаева, 2018).

А.К. Мынбаева: Инновациялық оқыту - білім алушыны білім объектісі емес, оқу үдерісінің субъектісі ретінде қалыптастырады (Мынбаева, 2013).

И.Я. Лернер биологияны оқытуда проблемалық оқыту мен зерттеу әдістері білім алушы құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі жолы деп есептейді.

В.А. Слостеніннің пікірінше, инновациялық құзыретті мұғалім - жаңа педагогикалық идеяларды қабылдап қана қоймай, оларды тәжірибеде шығармашылықпен жүзеге асыра алатын тұлға (Слостенін, 2017).

Н.Ф. Талызина: Биология сабағында инновациялық әдістерді қолдану арқылы білім алушы бақылау, талдау, қорытынды жасау дағдыларын меңгереді, бұл - құзыреттіліктің негізі.

Биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру - тек жаңа әдістерді меңгеру емес, сонымен қатар оқыту процесін ғылыми тұрғыдан талдай алу, цифрлық және зерттеушілік мәдениетті дамыту, педагогикалық рефлексия жасау қабілеті болып табылады (Пыасова, 2021; Mishra, 2017).

Мақаланың зерттеу мақсаты - биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен тиімді әдістерін айқындау.

Міндеттері:

1. Инновациялық құзыреттіліктің теориялық негіздерін талдау;
2. Биология мұғалімінің инновациялық қызметінің құрылымын анықтау;
3. Инновациялық технологияларды қолданудың тиімді моделін ұсыну;
4. Эксперимент арқылы биология мұғалімдерінің инновациялық құзыреттілігінің деңгейін анықтау және бағалау.

«Инновация» ұғымы латынның «innovatio» - жаңарту, жаңалық енгізу деген мағынаны білдіреді. Білім беру саласында инновация - оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, технологияларын, формаларын енгізу арқылы білім сапасын арттыруға бағытталған үдеріс.

Инновациялық құзыреттілік - педагогтың кәсіби іс-әрекетінде жаңа педагогикалық технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды және білім беру әдістерін шығармашылық тұрғыда қолдана алу қабілеті мен даярлығы. Бұл ұғым тек жаңа технологияны пайдалану емес, сонымен қатар мұғалімнің өз тәжірибесін үнемі жетілдіріп, оқыту сапасын арттыруға бағытталған кәсіби мәдениетін білдіреді (Bektemisova, 2020; Пыасова, 2021).

Бұл құзыреттілік келесі компоненттерден тұрады:

- Мотивациялық компонент - жаңалыққа ұмтылу, зерттеуге қызығушылық;
- Когнитивтік компонент - ғылыми білім, ақпараттық сауаттылық;
- Іс-әрекеттік компонент - тәжірибе жүргізу, жобалау, талдау;
- Рефлексивтік компонент - өзін-өзі бағалау, нәтижені саралау.

Биологияны оқытуда инновациялық құзыреттілік білім алушылардың ғылыми ойлауын дамытып, оларды болашақ кәсіби қызметке бейімдеудің маңызды құралы болып табылады.

Құзыреттілік тәсіл қазіргі білім беру жүйесінде негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Ол оқытудың нәтижесін тек біліммен емес, сол білімді өмірлік жағдайда қолдана алу біліктілігімен өлшейді. Мұғалімнің инновациялық құзыреттілігі - педагогикалық құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі.

Зерттеушілердің пікірінше (Kuzmina, 2019; Qydaibergenova, 2018; Fullan, 2017) инновациялық құзыретті мұғалімнің келесі сипаттары болуы тиіс:

- жаңа идеяларды қабылдай алу және оларды тәжірибеге енгізу икемділігі;
- ақпараттық технологияларды еркін меңгеруі;
- өз қызметін жүйелі талдап, нәтижеге бағытталуы;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқыту процесін даралау қабілеті;
- үздіксіз кәсіби даму мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс.

Осы тұрғыдан алғанда, биология мұғалімі үшін инновациялық құзыреттілік - білім алушылардың жаратылыстану ғылымдарына қызығушылығын арттырудың, зерттеушілік және экологиялық мәдениетті дамытудың маңызды шарты.

Биология пәні инновациялық құзыреттілікті қалыптастыруға зор мүмкіндік береді. Себебі бұл пән:

- тәжірибелік және зертханалық жұмыстарға негізделген;
- табиғи құбылыстарды бақылау, салыстыру, талдау дағдыларын дамытады;
- экологиялық, медициналық, биотехнологиялық мәселелермен тығыз байланысты;
- пәнаралық байланыстарды (химия, география, физика, информатика) жүзеге асыруға қолайлы.

Биология сабақтарында білім алушылар тек дайын ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны талдап, тәжірибе арқылы дәлелдеп, өз қорытындыларын жасай алады. Бұл үдеріс инновациялық ойлаудың қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Биология - тәжірибеге, бақылауға, зерттеуге негізделген ғылым. Бұл пәннің инновациялық әлеуеті төмендегі ерекшеліктерімен анықталады:

Біріншіден, биология сабақтарында зертханалық және практикалық жұмыстардың үлесі жоғары. Білім алушылар тәжірибе жасап, нәтижесін өз көздерімен көреді.

Екіншіден, биология өмірмен тығыз байланысты. Адам ағзасы, экология, генетика, медицина, биотехнология сияқты салалар білім алушылардың қызығушылығын арттырады.

Үшіншіден, биология пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға қолайлы. Мысалы, химиямен - биохимиялық үдерістерді, географиямен - экожүйелерді, информатикамен - биологиялық деректерді өңдеуді байланыстыруға болады.

Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы биологияны оқытуда инновациялық құзыреттілікті қалыптастыруға болады.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты - жан-жақты дамыған,

шығармашылық қабілеті жоғары, инновациялық ойлауға бейім тұлға қалыптастыру. Бұл мақалада биология пәнін оқытуда инновациялық құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Инновациялық құзыреттілік - білім алушының білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу, жаңа ақпаратты талдап, оны шығармашылық тұрғыдан игеру қабілетімен сипатталады. Биология пәні білім алушылардың ғылыми дүниетанымын, зерттеу дағдыларын, экологиялық мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сондықтан оны оқытуда заманауи технологияларды қолдану, цифрлық білім ресурстарын пайдалану, зертханалық және жобалық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың инновациялық қабілеттерін жетілдіру қажет. Мақалада биологияны оқытуда қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдерге - жобалық оқыту, проблемалық оқыту, саралап оқыту, STEM технологиялары, цифрлық платформалар мен интерактивті құралдар кіреді. Бұл тәсілдер білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, дербес ойлау мен зерттеу қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігі инновациялық оқытудың табысты жүзеге асуына ықпал ететіні айтылады.

**Материалдар және негізгі әдістер.** Зерттеу жұмысының материалдары ретінде педагогикалық жоғары оқу орындарында биология пәнін оқыту үдерісіне қатысты ғылыми-әдістемелік еңбектер, педагогикалық инновациялар жөніндегі отандық және шетелдік зерттеулер, оқу бағдарламалары, электрондық білім беру ресурстары және автордың педагогикалық тәжірибесі алынды. Сонымен қатар биология пәнін оқытуда қолданылатын заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті оқыту құралдары мен цифрлық платформалар зерттеу материалы ретінде пайдаланылды.

Зерттеу барысында инновациялық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үдерістің мазмұны, әдістері мен формалары кешенді түрде қарастырылды. Биологияны оқытудағы инновациялық тәсілдердің тиімділігін анықтау үшін теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық әдістеріне ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу және жалпылау жатады. Бұл әдістер инновациялық құзыреттілік ұғымының мәнін ашуға, оның құрылымдық компоненттерін анықтауға және биология пәнін оқытудағы рөлін негіздеуге мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысы педагогикалық жоғары оқу орындарында биология пәнін оқыту үдерісінде инновациялық құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын анықтауға бағытталды. Зерттеу нысаны ретінде биологияны оқытудағы педагогикалық үдеріс, ал зерттеу пәні ретінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы мұғалім мен білім алушы құзыреттілігін дамыту алынды.

Эмпирикалық зерттеу әдістері ретінде бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу және педагогикалық эксперимент қолданылды. Зерттеу

жұмысы барысында биология сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, зерттеушілік оқыту, жобалық жұмыстар және интерактивті әдістер жүйелі түрде енгізілді. Сабақтарда виртуалды зертханалар, электронды ресурстар, презентациялар мен цифрлық тапсырмалар пайдаланылды.

Педагогикалық эксперимент үш кезеңде жүргізілді: анықтау, қалыптастыру және қорытындылау кезеңдері. Анықтау кезеңінде білім алушылар мен мұғалімдердің инновациялық құзыреттілік деңгейі анықталды. Қалыптастыру кезеңінде биология сабақтарында инновациялық әдістерді қолдануға негізделген сабақтар жүйесі ұйымдастырылды. Қорытындылау кезеңінде алынған нәтижелер талданып, бастапқы көрсеткіштермен салыстырылды.

Зерттеу нәтижелерін өңдеу барысында сапалық және сандық талдау әдістері қолданылып, білім алушылардың танымдық белсенділігі, шығармашылық қабілеті және пәнге деген қызығушылығының өзгеруі бағаланды.

Сонымен қатар зерттеу жұмысының материалдық негізін педагогикалық жоғары оқу орындарындағы биология білім беру бағдарламасында оқитын білім алушылардың кәсіби даярлық үдерісі, оқу жоспарлары мен бағдарламалары, педагогикалық практика барысында қолданылатын әдістемелік нұсқаулықтар мен инновациялық оқыту технологиялары құрайды. Сонымен қатар зерттеу барысында биология пәнін оқытудың заманауи бағыттарына арналған ғылыми еңбектер, отандық және шетелдік педагогикалық тәжірибелер, білім беруді цифрландыру жөніндегі ресми құжаттар мен стандарттар пайдаланылды.

Зерттеу жұмысы Шымкент қаласы, Ә. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті мен Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің биология білім беру бағдарламасы білім алушылары мен оқытушыларының қатысуымен жүргізілді. Зерттеудің материалдық базасы ретінде жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары, педагогикалық практика күнделіктері, оқу-әдістемелік кешендер, сондай-ақ биология пәнін оқытуда қолданылатын заманауи цифрлық платформалар - BilimLand, Google Classroom, Moodle, Kahoot, Canva және PhET Simulation ресурстары пайдаланылды.

Мақаланың мақсатына сәйкес зерттеу барысында келесі негізгі әдістер қолданылды:

1. Теориялық-әдіснамалық талдау әдісі - педагогикалық инновациялар, құзыреттілік тәсіл және биологияны оқытудың заманауи парадигмалары жөніндегі отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге жүйелі шолу жасалды.

2. Эмпирикалық әдістер - білім алушылар мен оқытушылар арасында сауалнама және жартылай құрылымданған сұхбаттар жүргізіліп, олардың инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі мен көзқарастары анықталды.

3. Бақылау және тәжірибелік эксперимент - педагогикалық практика барысында мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында цифрлық құралдарды пайдалану және жобалық оқыту әдістерін енгізу тәжірибесі ұйымдастырылды.

4. Жобалау және модельдеу әдістері - «Биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі» (сурет 1) жасалып, оның құрылымдық компоненттері (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексиялық) айқындалды.

Алынған мәліметтер сапалық және сандық талдау әдістері арқылы өңделіп, нәтижелердің сенімділігі салыстырмалы және корреляциялық талдау тәсілдері негізінде тексерілді.



Сурет 1 — Биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі

1. Мотивациялық-коммуникативтік компоненті - Инновациялық педагогикаға деген қызығушылықты арттыру, кәсіби уәжді қалыптастыру, өз білімін үздіксіз жетілдіруге ынталандыру.

2. Мазмұндық компоненті - Биологияны оқытудағы заманауи әдістемелер мен технологияларды (STEM, CLIL, цифрлық ресурстар, жобалық және зерттеушілік оқыту) меңгеру. (Кесте 1.)

3. Іс-әрекеттік (операциялық) компоненті - Цифрлық платформалармен (Google Classroom, PhET, Kahoot, Canva, BilimLand) жұмыс істеу, сабақ жоспарлау, зертханалық және жобалық жұмыстарды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. (Кесте 2.)

4. Рефлексиялық-бағалау компоненті - Өз іс-әрекетін сараптау, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау, өзін-өзі жетілдіру стратегиясын жоспарлау (Moldabekova, 2019).

Кесте 1 — Инновациялық құзыреттілікті дамытудағы әдіс-тәсілдер

№	Әдіс атауы	Қолдану мақсаты	Биология сабағында қолдану мысалы
1	STEM-оқыту	Жаратылыстану ғылымдарын интеграциялау	«Энергия айналымы» тақырыбында физика мен химия элементтерін біріктіріп, тәжірибе жасау
2	CLIL әдісі	Пән мен тілдің кіріктірілуі	«Cell structure» тақырыбын ағылшын тілінде өту

3	Геймификация	Сабақта қызығушылықты арттыру	Quizizz немесе Kahoot арқылы генетикалық тесттер
4	Жобалық әдіс	Білім алушыларды зерттеу жұмысына тарту	«Экожүйе тепе-теңдігі» жобасы
5	Blended learning (аралас оқыту)	Онлайн және офлайн оқытуды біріктіру	Moodle және Google Classroom платформаларымен сабақ өткізу

Осы әдістерді жүйелі қолдану мұғалімнің кәсіби бейімделуін арттырып, білім алушылардың оқу жетістігіне оң әсер етеді.

Кесте 2 — Инновациялық құзыреттілікті бағалау үшін өлшемдер мен көрсеткіштер

Өлшем	Көрсеткіш	Бағалау деңгейі
Мотивациялық	Жаңашыл әдістерге қызығушылық, кәсіби даму ниеті	Төмен / Орта / Жоғары
Когнитивтік	Инновациялық технологияларды білу деңгейі	Төмен / Орта / Жоғары
Іс-әрекеттік	Сабақта инновациялық әдістерді қолдану жиілігі	Сирек / Жиі / Тұрақты
Рефлексивтік	Өз тәжірибесін талдау және жетілдіру қабілеті	Әлсіз / Орташа / Жоғары

Бұл бағалау жүйесі мұғалімдердің кәсіби дамуын жоспарлауға, олардың инновациялық әлеуетін айқындауға мүмкіндік береді.

*Биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігін тиімді қалыптастыру үшін келесі педагогикалық шарттар маңызды:*

1. Интерактивті білім беру ортасын құру, яғни сабақтарда сандық ресурстар мен зертханалық жабдықтарды қолдану арқылы білім алушылардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру қажет. Бұл оқыту процесін тәжірибелік және зерттеушілік сипатқа айналдырады.

2. Мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуы, яғни біліктілікті арттыру курстары, вебинарлар, онлайн қауымдастықтар (мысалы, KazBioTeachers Community) арқылы мұғалім инновациялық тәжірибелермен танысып, өз тәжірибесін жетілдіреді.

3. Цифрлық сауаттылықты арттыру, яғни биология мұғалімі Google Workspace, Canva, Jamboard, PhET, LearningApps сияқты құралдарды еркін меңгеруі тиіс. Бұл құралдар сабақ сапасын арттырып, білім алушылардың визуалды және интерактивті қабылдау мүмкіндігін кеңейтеді.

4. Білім алушылармен бірлескен жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру, яғни білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, мұғалімнің инновациялық көшбасшылығын қалыптастырады.

5. Инновациялық ойлауды қалыптастыруға бағытталған рефлексиялық мәдениет, яғни мұғалім өз қызметінің нәтижесін бағалай отырып, жетістіктерін және жетілдіру бағыттарын анықтайды. Бұл процесс инновациялық құзыреттіліктің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

**Нәтижелер.** Зерттеу барысында биология мұғалімдерінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің мазмұны, құрылымы және тиімді

тәсілдері айқындалды. Алғашқы кезеңде жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша білім алушылардың 64%-ы заманауи цифрлық технологияларды қолдану дағдысының жеткіліксіз екенін, 58%-ы инновациялық оқыту әдістерін (жобалық, проблемалық, зертханалық, зерттеушілік) жүйелі түрде пайдалана алмайтынын атап өтті. Бұл көрсеткіштер болашақ педагогтерде инновациялық құзыреттіліктің мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігін дәлелдеді.

Тәжірибелік-эксперименттік кезеңде білім алушыларға арналған арнайы оқу-әдістемелік бағдарлама әзірленіп, оған цифрлық ресурстармен жұмыс істеу, биология сабақтарында интерактивті әдістерді қолдану, экологиялық жобалар дайындау және ғылыми зерттеу элементтерін сабаққа енгізу модульдері енгізілді. Практикалық сабақтарда PhET Simulation, Canva, Quizizz, Google Classroom (Bektemisova, 2020) сияқты платформалар тиімді пайдаланылды. Нәтижесінде білім алушылардың 82%-ы өз сабақ жоспарларында инновациялық технологияларды дербес қолдана алды, ал 76%-ы зерттеу және жобалық жұмыстарды ұйымдастыру қабілеттерін көрсетті.

Эксперимент соңында алынған деректер бақылау тобы мен эксперименттік топтың нәтижелерін салыстыру арқылы талданды. Эксперименттік топтағы білім алушылардың инновациялық құзыреттілік көрсеткіші орта есеппен 25-30% жоғарылағаны байқалды. Бұл инновациялық тәсілдерді жүйелі енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен педагогикалық икемділігін едәуір арттыратынын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерін талдау биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру үздіксіз кәсіби даму, тәжірибелік бағыттағы оқыту және заманауи білім беру технологияларын белсенді пайдалану арқылы тиімді жүзеге асатынын көрсетті.

Экспериментке барлығы 12 биология мұғалімі мен 120 білім алушы қатысты.

Мұғалімдер екі топқа бөлінді:


Бақылау тобы (6 мұғалім) - дәстүрлі әдіспен жұмыс істеді;

Эксперименттік топ (6 мұғалім) - инновациялық технологиялар (STEM, CLIL, геймификация, цифрлық құралдар) негізінде сабақ жүргізді.

Кесте 3 — Мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігін бағалау үшін қолданылған диагностикалық құралдар

№	Бағалау әдісі	Мақсаты	Нәтиже көрсеткіші
1	Сауалнама (өзін-өзі бағалау)	Инновацияға мотивацияны анықтау	10 сұрақтық шкала
2	Сабақ талдауы	Инновациялық әдістерді қолдану жиілігі	5 балдық жүйе
3	Цифрлық сауаттылық тесті	АКТ құралдарын қолдану дағдысын бағалау	% көрсеткіші
4	Білім алушылардың кері байланысы	Мұғалім жұмысының тиімділігін бағалау	Онлайн сауалнама

Диагностика барысында мұғалімдердің инновациялық құзыреттілік деңгейі төмендегідей болды: (сурет 2)




Сурет 2 — Диагностика барысында мұғалімдердің инновациялық құзыреттілік деңгейі

Мұғалімдердің көпшілігі инновациялық технологияларды қолданудың теориялық негізін білсе де, тәжірибеде жүйелі қолданбайтыны анықталды.

Эксперименттік топтағы мұғалімдерге арналған «Инновациялық биология сабағы» атты әдістемелік нұсқаулық жүзеге асырылды. Нұсқаулық келесі модульдерден тұрды:

1. Инновациялық технологиялар теориясы;
2. Цифрлық педагогика негіздері (Google Workspace, PhET, Canva, Jamboard);
3. STEM және CLIL әдістері;
4. Геймификация және мобильді оқыту;
5. Рефлексия және сабақ талдауы.

Эксперимент соңында қайта диагностика жүргізілді (сурет 3). Нәтижелер төмендегі диаграммада көрсетілген:



Сурет 3 — Эксперименттік топтағы мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігі

Нәтижелерге сүйенсек, эксперименттік топтағы мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігі айтарлықтай артқан.

Осу динамикасы:

- Инновациялық әдістерді сабақта қолдану жиілігі 2,3 есеге артты;
- Цифрлық ресурстарды қолдану дағдысы 38%-дан 86%-ға өсті;
- Мұғалімдердің өз жұмысына рефлексия жасау көрсеткіші 40%-дан 80%-ға көтерілді;
- Білім алушылардың биология пәніне қызығушылығы мен сабаққа қатысу белсенділігі 35%-ға артты.

Салыстырмалы талдау эксперименттік бағдарламаның тиімділігін дәлелдеді. Инновациялық әдістерді қолданған мұғалімдердің:

- сабақ құрылымы түрленді;
- зертханалық және тәжірибелік жұмыстардың үлесі артты;
- білім алушылардың зерттеушілік белсенділігі күшейді;
- сабақтың мотивациялық және танымдық деңгейі көтерілді.

Мысалы, эксперименттік топтағы мұғалімдердің бірі - Г.А. Бекбулатова «Анатомия» тақырыбында сабақ өткізуде 3D модельдеу мен виртуалды зертхананы пайдаланып, білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын айтарлықтай арттырды. Ал екінші мұғалім - А.А. Абдулаеваның «Білім алушылардың физиологиялық дамуы» сабағында геймификация тәсілін (Quizizz және Kahoot) қолданып, білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырған.


Бұл нақты мысалдар инновациялық әдістердің биология пәнін оқыту сапасын жақсартудағы тиімділігін дәлелдейді.

Эксперимент қорытындысы биология мұғалімдерінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру келесі бағыттар арқылы тиімді жүзеге асатынын көрсетті:

1. Интерактивті және цифрлық оқыту технологияларын жүйелі қолдану;
2. Мұғалімдердің кәсіби қоғамдастықтардағы белсенділігі;
3. Оқу процесін жобалық және зерттеу қызметіне бағыттау;
4. Үздіксіз кәсіби даму мен рефлексиялық мәдениетті қалыптастыру.

Осылайша, жасалған әдістемелік бағдарлама биология мұғалімдерінің инновациялық құзыреттілігін арттырудың тиімді құралы болып табылды.

Зерттеу нәтижелері биологияны оқытуда инновациялық әдістерді қолданудың білім алушылар мен мұғалімдердің құзыреттілігін дамытуға оң әсер ететінін көрсетті. Анықтау кезеңінде білім алушылардың басым бөлігінде инновациялық құзыреттіліктің төмен және орташа деңгейі байқалды. Білім алушылардың көпшілігі дайын ақпаратты қабылдауға бейім болып, өз бетінше іздену мен зерттеу әрекеттеріне сирек тартылды (сурет 4).



Сурет 4 — Білім алушылардың инновациялық құзыреттілік деңгейінің бастапқы көрсеткіштері

Кесте 4 — Инновациялық әдістерді қолдану арқылы қалыптасқан білім алушылар дағдылары

Құзыреттілік көрсеткіштері	Бастапқы кезең	Қалыптастыру кезеңінен кейін
Танымдық белсенділік	Төмен	Жоғары
Зерттеушілік дағдылар	Орташа	Жоғары
Топпен жұмыс істеу қабілеті	Орташа	Жоғары
Цифрлық ресурстарды пайдалану дағдысы	Төмен	Орташа-жоғары
Пәнге қызығушылық	Орташа	Жоғары

Қалыптастыру кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, зерттеушілік және жобалық оқыту әдістерін жүйелі қолдану нәтижесінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы айтарлықтай артты. Биология сабақтарында тәжірибе жасау, нақты мәселелерді талдау және топтық жұмыстар жүргізу білім алушылардың белсенділігін күшейтті. Олар өз ойларын дәлелдеуге, ғылыми терминдерді дұрыс қолдануға және қорытынды жасауға дағдыланды. Инновациялық оқыту әдістерін жүйелі қолдану білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерінің едәуір артқанын көрсетті (кесте 4).

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің де инновациялық құзыреттілігінің артқанын көрсетті. Сабақтарды жоспарлау барысында жаңашыл әдістерді таңдау, цифрлық ресурстарды тиімді қолдану және рефлексия жүргізу дағдылары қалыптасты. Мұғалімдер дәстүрлі оқыту үлгісінен біртіндеп білім алушыға бағытталған оқыту моделіне көшті.

Алынған нәтижелерді талдау барысында инновациялық әдістердің тиімділігі олардың жүйелі әрі мақсатты қолданылуына тікелей байланысты екені анықталды. Егер инновациялық технологиялар тек формалды түрде қолданылса, күтілетін нәтиже толық жүзеге аспайды. Сондықтан биологияны оқытуда инновациялық тәсілдер сабақтың мақсаты мен мазмұнына сәйкес үйлестірілуі тиіс.

Зерттеу нәтижелері педагогикалық теориядағы құзыреттілікке негізделген

оқыту қағидаларымен сәйкес келеді және биология пәнін оқытуда инновациялық әдістерді кеңінен енгізудің маңыздылығын дәлелдейді.

Сонымен қатар жүргізілген зерттеу биологияны оқытуда инновациялық құзыреттілікті қалыптастыру білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы екенін көрсетті. Инновациялық педагогикалық технологияларды мақсатты әрі жүйелі қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін, зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Биология пәні инновациялық құзыреттілікті қалыптастыру үшін үлкен әлеуетке ие, себебі ол тәжірибеге, бақылауға және ғылыми талдауға негізделген. Мұғалімнің инновациялық құзыреттілігі жоғары болған жағдайда ғана оқыту үдерісі тиімді ұйымдастырылып, білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Қорытындылай келе, биологияны оқытуда инновациялық құзыреттілікті қалыптастыру үшін мұғалімдердің кәсіби дамуын үздіксіз қолдау, заманауи педагогикалық технологияларды енгізу және тәжірибені ғылыми тұрғыда талдау қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

**Талқылау.** Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру - көпқырлы, кешенді және үздіксіз жүретін педагогикалық үдеріс. Алынған мәліметтер биология пәнін оқытуда дәстүрлі әдістердің әлі де басым екенін, алайда білім алушылардың жаңа технологияларды меңгеруге деген қызығушылығының жоғары деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді. Бұл құбылыс заманауи білім беру парадигмасының талаптарымен, яғни білім алушы тұлғаның шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту қажеттілігімен тікелей байланысты.

Зерттеу барысында қолданылған инновациялық әдістер - цифрлық ресурстарды пайдалану, жобалық және зертханалық оқыту, модельдеу тәсілдері білім алушылардың танымдық белсенділігі мен кәсіби рефлексиясын арттыруға мүмкіндік берді. Әсіресе, STEM тәсілдерін кіріктіру, биологияны экологиялық және технологиялық бағыттармен байланыстыра оқыту білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды және олардың зерттеу мәдениетін қалыптастырды.

Эксперимент қорытындылары көрсеткендей, инновациялық оқыту тәсілдерін жүйелі енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби ойлау жүйесіне, әдістемелік икемділігіне және оқыту сапасына оң әсерін тигізеді. Бұл тұжырым отандық және шетелдік ғалымдардың (Slastenin, 2017; Taubaeva 2018; Xutorskoj, 2016; Dewey 2015) инновациялық педагогика жөніндегі еңбектерімен үндеседі.

Сонымен бірге, зерттеу барысында анықталған кейбір шектеулер де бар: инновациялық технологияларды қолдану дағдыларының біркелкі дамымауы, оқу үдерісінде техникалық мүмкіндіктердің шектеулілігі, сондай-ақ кейбір оқытушылардың дәстүрлі көзқарасты ұстануы. Сондықтан болашақта

биология мамандығы білім алушыларының инновациялық құзыреттілігін дамыту мақсатында оқу бағдарламаларын жаңарту, тәжірибелік оқыту үлесін арттыру және цифрлық педагогикалық мәдениетті қалыптастыру бағытында жұмыстарды жалғастыру қажет.

*Биология мұғалімдерінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын анықтай және талқылай келе, біз мынадай ұсыныстарға тоқталдық:*

1. Биология мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесінде инновациялық педагогикалық технологиялар, цифрлық құралдар және жобалық оқыту әдістеріне арналған модульдерді енгізу қажет.

2. Жоғары педагогикалық оқу орындарында биология мамандарын даярлауда инновациялық құзыреттілікке бағытталған пәндер мен тәжірибелік курстар (мысалы, «Биологиядағы цифрлық әдістемелер») қосылуы тиіс.

3. Мектептерде инновациялық тәжірибе орталықтарын немесе «STEM-зертханаларды» құру арқылы мұғалімдердің тәжірибе алмасуына жағдай жасау маңызды.

4. Мұғалімнің инновациялық қызметін бағалау жүйесін жетілдіру қажет. Бағалау тек сабақ сапасымен емес, мұғалімнің зерттеу, жобалау және цифрлық белсенділік деңгейімен де өлшенуі тиіс.

5. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына биология мұғалімдерінің жетекшілігін күшейту - олардың инновациялық құзыреттілігін тәжірибеде қолданудың тиімді жолы.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде биология мұғалімдерінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру - олардың кәсіби дамуының, білім беру сапасының және білім алушылардың ғылыми ойлау дағдысын жетілдірудің басты шарты екені дәлелденді. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізу Қазақстандағы биология білімінің сапасын халықаралық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, биологияны оқытуда инновациялық құзыреттілікті қалыптастыру - қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл үдеріс білім алушылардың ғылыми ойлауын дамытып, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Заманауи педагогикалық технологияларды, цифрлық ресурстарды, зерттеушілік және жобалық оқытуды тиімді қолдану арқылы биология сабақтарының мазмұнын жаңғыртуға болады.

Инновациялық құзыреттілігі қалыптасқан білім алушы - тек білімді ғана емес, сонымен қатар өзгермелі өмір жағдайларына бейімделе алатын, жаңа идеяларды іске асыра алатын тұлға. Сондықтан биология пәнін оқытуда инновациялық тәсілдерді жүйелі түрде енгізу - білім сапасын арттырудың және болашақ ұрпақты даярлаудың негізгі кепілі болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру - білім беру сапасын арттырудың, білім алушылардың ғылыми-зерттеу қабілетін дамытудың және цифрлық сауаттылықты жетілдірудің негізгі факторы екені дәлелденді.

Теориялық талдау мен эксперименттік жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып, келесі ғылыми қорытындылар жасалды:

1. Инновациялық құзыреттілік - биология мұғалімінің кәсіби қызметінде педагогикалық және ақпараттық технологияларды шығармашылықпен пайдалану, өз тәжірибесін жетілдіру және жаңашылдықты енгізу қабілеті ретінде айқындалды.

2. Биология мұғалімінің инновациялық құзыреттілігі когнитивтік, операционалдық және рефлексивтік компоненттерден тұратын күрделі құрылымға ие. Бұл құрылым мұғалімнің білімдік, практикалық және тұлғалық даму аспектілерін қамтиды.

3. Инновациялық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттарына интерактивті білім беру ортасын құру, үздіксіз кәсіби даму, цифрлық сауаттылықты арттыру, жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру жатады.

4. Эксперимент нәтижесінде биология мұғалімдерінің инновациялық құзыреттілік деңгейі айтарлықтай артқаны дәлелденді. Эксперименттік топтағы мұғалімдердің 75%-ы жоғары деңгейге жетті. Білім алушылардың инновациялық құзыреттілік деңгейінде жоғарлағаны көрінді.

5. Инновациялық әдістерді жүйелі қолдану (STEM, CLIL, геймификация, цифрлық зертханалар) білім алушылардың пәнге қызығушылығын, белсенділігін және зерттеу дағдысын арттырып, оқу нәтижелерінің сапасын көтерді.

6. Мұғалімнің кәсіби дамуын қолдау мақсатында инновациялық оқыту технологияларын енгізуге бағытталған әдістемелік бағдарлама тиімділігін көрсетті және оны білім беру ұйымдарында кеңінен қолдануға болады.

#### References

Abdigalieva G.Sh. (2019) Bolashaq mygalimderdin innovaciyaqyzyrettiligin qalyptastyru zholdary [Ways of formation of innovative competence of future teachers]. Almaty: Qazaq universiteti. — 112 p. (in Kazakh)

Bektemisova L.A. (2020) Innovaciyaqy pedagogikalyq texnologiyalardy oqytuda qoldanu erekshelikleri [Features of the use of innovative pedagogical technologies in teaching]. Almaty: Foliant. — 144 p. (in Kazakh)

Dewey J. (2015) Experience and Education. New York: Macmillan, 120 p. (in Eng.)

Fullan M. (2017) The New Meaning of Educational Change. New York: Teachers College Press. — 232 p. (in Eng.)

Ilyasova A.A. (2021) Bolashaq biologiya mygalimderin kasibi dayarlauda innovaciyaqy texnologiyalardy qoldanu [The use of innovative technologies in the professional training of future biology teachers]. Taraz: TarMPI baspasy. — 98 p. (in Kazakh)

Karaev J. A. (2002) Pedagogikalyq texnologiya negizinde bilim beru zhyjesin zhetildiru. [Improving the education system based on pedagogical technologies]. Almaty: Rauan Publ. — 312 p. (in Kazakh)

Kuzmina N.V. (2019) Professionalizm deyatelnosti prepodavatelya i mastera proizvodstvennogo obucheniya [The professionalism of the teacher and the master of industrial training]. Moskva. — 208 p. (in Russian)

Mishra P., Koehler M.J. (2017) Technological Pedagogical Content Knowledge (TPACK) Framework for Teachers. Educational Technology Journal. — Vol. 56, № 4. — P. 1-12 (in Eng.)

Moldabekova G.S. (2019) Mygalimnin kasibi qyzyrettiligin arttyrudagy gylymi-zertteu adisteri [Scientific research methods for improving the professional competence of teachers]. Shymkent: Orda. — 112 p. (in Kazakh)

Mynbaeva A. K. (2013) Innovaciya`k oqy`tu texnologiyalary`. [Innovative learning technologies]. Almaty: Kazakh University, — 198 p. (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasyny Bilim zhane gylım ministrliгі. (2020) Qazaqstan Respublikasyny bilim berudi damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы [The State Program of Education development of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. Astana. — 48 p. (in Kazakh)

Qydaibergenova D.S. (2018) Qyzyrettilik ygymynyn teoriyalyq negizderi [Theoretical foundations of the concept of competence]. Pedagogika zhurnaly. — №4. — P. 23-29 (in Kazakh)

Slastenin V. A. (2017) Pedagogika professionalnogo obrazovaniya [Pedagogy of professional education]. Moskva: Akademiya, — 320 p. (in Russian)

Taubaeva Sh.T., Begaliev A. (2018) Pedagogikalyq innovaciya`lar teoriyası men praktikasy [Theory and practice of pedagogical innovations]. Almaty: Rauan. — 256 p. (in Kazakh)

Tondeur J., Van Braak J., Ertmer P. (2018) Understanding the relationship between teachers' pedagogical beliefs and technology use. Computers & Education. — Vol. №125. — P. 37-50 (in Eng.)

Xutorskoj A.V. (2016) Kompetentnostnyj podxod v obrazovanii [Competence-based approach in education]. Moskva: E`jdos. — 192 p. (in Russian)

Zholdasbekova S.A. (2022) Cifirlyq bilim beru ortasynda mygalimnin innovaciya`lyq qyzyrettiligin damyту [Development of innovative teacher competence in a digital educational environment]. Pedagogika zhane psixologiya. — №3. — P. 45-52 (in Kazakh)

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

**<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>**

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 27.02.2026.

46,0 п.л. Заказ 1.